

## БӨЛІМ: ИНФОРМАТИКА

## Желіде тілдесу

ЖАРИЯЛАНДЫ  
02.02.2023СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/130715/>

Бөлімі:	<b>1-бөлім. «Программалау» (ортақ тақырыбы: «Жанды табиғат», «Жақсы» деген немене? «Жаман» деген немене?)</b>		
Педагогтің аты-жөні:	Қабиев Арман Серікұлы		
Күні:			
Сыныбы:	Қатысушылар саны:		Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	<b>Желіде тілдесу</b>		
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	3.3.2.1 Жоба бойынша бірлесіп жұмыс істеу үшін мессенджерлерді пайдалану; 3.3.2.2 желідегі ақпарат алмасу жолдарын түсіндіру; 3.1.3.1 Интернет желісінде жұмыс істеуде жеке қауіпсіздігінің негізгі ережелерін ескеру.		
Сабақтың мақсаты:	<b>Барлық оқушы үшін:</b> Интернетте жұмыс жасаудың зияны туралы әңгімелейді. <b>Оқушылардың көбі үшін:</b> Интернет қауымдастықтарға мүше болудың қажеттілігіне дәлелді мысалдар келтіреді. <b>Кейбір оқушылар үшін:</b>		
	Жай тілдесу мен Интернетте тілдесудің негізгі үш айырмашылығын біледі.		

## Сабақтың барысы:

Сабақтың кезеңі/уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Ерекше білімді қажет ететін оқушы	Бағалау	Ресурстар
------------------------	-----------------------	---------------------	-----------------------------------	---------	-----------

<p>(Ұ) Ұйымдастыру кезеңі: 1-7 мин.</p>		<p><b>Сәлемдесу, оқушыларды түгендеу</b> <b>I. Қызығушылықты ояту</b> <b>«Жағымды тілектер алқасы» ойыны</b> Алдын ала топтағы оқушы санына сай ұзын (70 см) және көбірек түрлі түсті қысқа (10 см) жіптер дайындалады. Жағымды әуен арқылы барлық қатысушылар бір шеңберге топтасады. Мұғалім қолындағы жіптерді көрсетіп: «Менің қолымда түрлі түсті, ұзын-қысқа жіптер бар. Шын мәнінде, бұлар жай жіптер емес, біздің шығармашылығымыздың ұшқындары. Аңызға сүйенсек, егер таза жүректі адамдар бір жерге жиналса, бұл ұшқынды әдемі алқаға айналдырады екен. Қазір ұзын жіптерді әрқайсысың алып, өз мойындарыңа тағып, ұшын байлауларыңды сұраймын. Содан соң түрлі түсті қысқа жіптен алып, бір-біріңнің мойындарыңдағы алқаға жағымды тілек айтып, байласаңдар. Осылайша қысқа жіптер алқамыздың моншақтарына айналады. Барлығы байлап болған соң, осы күннен естелік ретінде сақтап қою ұсынылады. /Бұл ойын оқушыларға жағымды көңіл күй сыйлайды./</p>			
<p><b>Топтастыру:</b></p>		<p><b>Топтастыру:</b> «The Hot» программасы арқылы оқушыларды үш топқа топтастыру. «Робот», «Салт-дәстүр», «Қозғалыс» деген атаулармен топтастырамын. Оқушылар өз топтарының атаулары бойынша түсінік береді. <b>Мақсаты:</b> белсенді оқу, оқушының мұғалімді мұқият тыңдап қана қоймай, белсенді жұмысқа тартылуын көздейтін оқыту мен оқу әдістерінің бірі болғандықтан оқу мақсаттарына қол жеткізуде оқушылардың қажеттіліктерін, қабілет деңгейлері мен қызығушылығын ескере отырып топтастыру жоспарланды. <b>Тиімділігі:</b> топтық жұмыста – бір-бірімен ой бөлісіп, пікірлесуге, өз ойын ортаға салуға; жұптық жұмыста – ақылдасып, келісімге келуге, өзгенің пікірін тыңдап, құрметтеуге; жеке жұмыста – өзіндік пікір қалыптастырып, сын тұрғысынан ойлануына мүмкіндік болады. <b>Саралау:</b> оқытудың қажеттілігіне қарай топ құруда саралаудың «Жіктеу» тәсілі қолданылады.</p>			
<p><b>(МК, Ұ) Ой қозғау. «Миға шабуыл» әдісі.</b></p>	<p>Мұғалім төмендегі сұрақтарды оқушыларға қойып, суреттерді интерактивті тақтадан көрсетеді. Оқушылар ұжымдық үлгіде білгендері бойынша өз ойларын айтып, жауап береді.</p>	<p>ü Адамдардың бір-бірімен тілдесуінің маңызы қандай? ü Интернет арқылы тілдесудің пайдалы жағы мен зиянды жағы туралы не айтуға болады? (1- сурет) ü 2-суретте берілген таңбаларға қарап, Интернетте тілдесудің қандай түрлерін атай аласың? ü Интернет желісінде тілдескен кезде қандай қауіпсіздік шараларын сақтау керек?</p>	<p>Тапсырманы көпшілікпен бірге орындайды</p>	<p><b>Қалыптастырушы бағалау</b> Мұғалім оқушыларды сабаққа қатысу белсенділігіне қарай «Жұлдызшалар» әдісі арқылы бағалайды.</p>	<p>Интерактивті тақта Оқулық Жұмыс дәптерлері</p>
<p><b>Жаңа сабаққа дайындық.</b></p>		<p><b>Мақсаты:</b> алдыңғы білім мен жаңа білімді ұштастыру үшін жетелеуші және түрткі сұрақтарды талқылау. <b>Тиімділігі:</b> оқушыға сұрақ қою, проблеманы зерттеу арқылы ой-өрісін дамытады, ойын еркін жеткізуге мүмкіндік береді. Пікірлерінің еркін айтылуы, ешқандай сынға ұшырамауы керек, қағазға түсіруге де, ауызша талқылау жұмысын жүргізуге де болады. <i>Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, өзара ұжымдық талқылау жасағаннан кейін, мұғалім интерактивті тақтадан сабақтың тақырыбы, мақсаты, бағалау критерийлерімен таныстырады.</i></p>			
<p>Сабақтың ортасы (26 мин)</p>		<p><b>II. Мағынаны ашу (білімді өзектендіру үшін)</b> <b>Оқулықпен жұмыс істеу</b> <b>«INSERT» әдісі</b></p>			

		<p>Берілген мәтінді «Түртіп алу» әдісін пайдаланып, танысып шығу.</p> <table border="1" data-bbox="534 302 1425 481"> <tr> <td data-bbox="544 338 703 421">«V» «Білемін»</td> <td data-bbox="703 338 903 421">«-» «Мен үшін түсініксіз»</td> <td data-bbox="903 338 1155 421">«+» «Мен үшін жаңа ақпарат»</td> <td data-bbox="1155 338 1414 421">«?» «Мені таңғалдырады»</td> </tr> </table>	«V» «Білемін»	«-» «Мен үшін түсініксіз»	«+» «Мен үшін жаңа ақпарат»	«?» «Мені таңғалдырады»		
«V» «Білемін»	«-» «Мен үшін түсініксіз»	«+» «Мен үшін жаңа ақпарат»	«?» «Мені таңғалдырады»					
<p><b>Жұптық жұмыс «Ойлан, жұптас, пікірлес» әдісі</b> Оқушыларға қандай да болмасын сұрақ, тапсырма берілгеннен кейін, оларды тыңғылықты орындауға бағытталған интерактивті тәсіл. Тақтада сұрақ/тапсырма жазылғаннан кейін, әрбір оқушы жекеше өз ойлары мен пікірін берілген уақыт ішінде (2-3 минут) қағазға түсіреді. Содан кейін оқушы жұбымен жазғанын 3-4 минут талқылайды, пікірлеседі. Мұғалімнің екі-үш жұпқа өз пікірлерін бүкіл сыныпқа жариялауын сұрауына болады.</p>	<p><b>1- тапсырма</b> Интернетте қауіпсіз жұмыс жасау ережесін құрастырыңдар. Ережені мәтіндік редакторға жазып сақтаңдар. Қағазға басып шығарып, сыныптастарыңа таныстырыңдар. Олармен пікір бөлісіңдер.</p> <p><b>Дескриптор</b>                  ̕ Интернетте қауіпсіз жұмыс істеу ережесін құрастырады.                  ̕ Ережені мәтіндік редакторға жазып, сақтайды.                  ̕ Сыныптастарымен пікір бөліседі.</p>	<p><i>Мұғалімнің көмегімен тапсырмаларды орындайды</i></p>	<p><b>Қалыптастырушы бағалау</b>                  Жұптасқан оқушылар бір-бірін тапсырма орындау белсенділігіне қарай <b>«Жұлдызшалар» әдісі</b> арқылы бағалайды.</p>	<p>Интерактивті тақта</p> <p>Оқулық</p> <p>Жұмыс дәптерлері</p>				
<p><b>Топтық жұмыс «Ойлан, топтас, бөліс» әдісі</b> Оқушылар 2-тапсырма бойынша ең алдымен өзара топтық талқылау жасайды. Содан кейін кестені топтық талқылаудың қорытындысы бойынша ауызша жауап береді.</p>	<p><b>2-тапсырма</b> Төмендегі кестеде сауалнама берілген. Сауалнамаға ауызша жауап дайында.</p> <p><b>Дескриптор</b>                  ̕ Кесте бойынша топтық талқылау жүргізеді.                  ̕ Кестедегі сауалнамаға ауызша жауап береді.</p>	<p><i>Сауалнамаға ауызша жауап береді</i></p>	<p><b>Қалыптастырушы бағалау</b>                  Топтағы оқушылар бір- бірін тапсырма орындау белсенділігіне қарай <b>«Жұлдызшалар» әдісі</b> арқылы бағалайды.</p>	<p>Интерактивті тақта</p> <p>Оқулық</p> <p>Жұмыс дәптерлері</p>				

	<b>Жеке жұмыс</b> 1. Белгілі уақыт режимінен артық Интернетте жұмыс істеудің қандай зияны бар?	<b>Дескриптор</b> ü Бір сұраққа жауап береді. ü Екі сұраққа жауап береді. ü Үш сұраққа толық жауап береді.		<b>Қалыптастырушы бағалау</b> Оқушылар сұраққа жауап беру белсенділігіне қарай өзін-өзі « <b>Жұлдызшалар</b> » әдісі арқылы бағалайды.	Интерактивті тақта  Оқулық  Жұмыс дәптерлері
--	---	---	--	---	--

	2. Интернет қоғамдастығына мүше болудың қажеттілігі бар ма?  Дәлелді мысал келтір. 3. Жай тілдесу мен Интернетте тілдесудің қандай негізгі үш айырмашылығын атай аласың?				
<b>Сабақтың соңы</b> 7 мин.	<b>III. Ой толғаныс. Рефлексия Жеке жұмыс «Еркін жазу» әдісі</b> Бұл әдіс «ой толғаныс» кезеңінде пайдалануға лайықты әрі тиімді. Мұғалім сабақ барысында қарастырылған жаңа ақпарат жайында, одан алған әсері, не үйренгені, нені әлі де біле түсу керек екені т.б. туралы өз пікірін қағаз бетіне түсіруді тапсырады. Жазуға уақыт береді. Уақыт аяқталған кезде, оқушылар өз жазғандарымен топ мүшелерін таныстырады. Ең жақсы деп танылған жұмысты ұжымда оқуға болады. Оқушылардың алған білімдерін қорытуға, оған сын көзбен қарап, ойын түйіндеуге үйретеді.		<b>Қалыптастырушы бағалау</b> Мұғалім оқушыларды сабаққа қатысу белсенділігіне қарай « <b>Жұлдызшалар</b> » әдісі арқылы бағалайды. <b>Мақсаты:</b> оқушы алған білімін саралай білуге дағдыланады. <b>Тиімділігі:</b> тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды. Жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды.		
Саралау. Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз қабілетті оқушылардың алдына қандай тапсырмалар қоясыз?		Бағалау. Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?		Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау	

<p>«Диалог және қолдау көрсету», «Тапсырма», «Жіктеу».</p> <p>Саралау тапсырмаларды іріктеуді, белгілі бір оқушыдан күтілетін нәтижені, оқушыға жеке қолдау көрсетуде, оқу материалы мен ресурстарды оқушылардың жеке қабілеттерін ескере отырып әзірлеуді қамтиды.</p>	<p>«Жұлдызшалар» әдісі</p>	<p>Денсаулық сақтау технологиялары. Сабақта сергіту жаттығулары мен белсенді жұмыс түрлерін қолданамын. Осы сабақта қолданылатын Қауіпсіздік техникасы ережелерінің тармақтары орындалады.</p>
<p><b>Жалпы бағалау</b></p> <p>Сабақтың қандай екі аспектісі жақсы өтті? Оқыту туралы да, сабақ беру туралы да ойланыңыз.</p> <p>1:</p> <p>2:</p> <p>Сабақты жақсартуға не жәрдемдесер еді? Оқыту туралы да, сабақ беру туралы да ойланыңыз.</p> <p>1:</p> <p>2:</p> <p>Сабақ кезінде, сынып немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/қиыншылықтары туралы мен нені анықтадым? Келесі сабақтарда неге назар аудару қажет?</p> <p>1:</p> <p>2:</p>		

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.